

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 1190 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына бекітілген республикалық мүлік заңнамада белгіленген тәртіппен «Азаматтық авиация академиясы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігімен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 0

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 1 9 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Азаматтық авиация академиясы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілетін республикалық мүлік тізбесі

Р/с №	Атауы	Жер учаскенің кадастрлық нөмірі	Ж е р участігінің ауданы, гектар	Ғимараттың жалпы ауданы, шаршы метр	Орналасқан орны (мекен-жайы)
1	Маягтағы БРО ғимараты жер учаскесімен	20-317-040-063	0,844	293,6	Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Қапшағай көшесі, 2/10-үй
2	М К - 5 2 бағытындағы қашықтықтан келтіру жер	20-317-081-125	0,3397	74,1	

учаскесі ғимарат	бар			Алматы қаласы, Түркіб ауданы, Федосеев көшесі, 74 б-үй
---------------------	-----	--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК